

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ МЕНЕДЖМЕНТ КОЛЛЕДЖІ

БАНКРОТТЫҚ ЖӘНЕ
КӘСІПОРЫНДЫ КҮЙЗЕЛІСТЕН
ШЫҒАРУ

Орындаған: Турдахмет Аружан, 301-
топ

Тексерген: Ақиева А.Р.

КІРІСПЕ

I ЭКОНОМИАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ БАНКРОТТЫҢ РӨЛІ

1.1 БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕМЕ

1.2 БАНРОТТЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ

ТӘЖІРИБЕСІ

1.3 БАНКРОТҚА ҰШЫРАУ ЖОЛДАРЫ

II КӘСІПОРЫНДАҒЫ БАНКРОТ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУ

САЯСАТЫ

2.1 КӘСІПОРЫНДАҒЫ БАНРОТТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

2.2 КӘСІПОРЫННЫҢ БАНКРОТ БОЛУ МҮМКІНДІГІ

2.3 ТӨЛЕМ ҚАБИЛЕТТІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН БОЛЖАУ

III БАНКРОТТЫҚ ЖАҒДАЙДЫ БОЛДЫРМАУДА ҚАРЖЫЛЫҚ

АҒЫМДАРДЫ ТАЛДАУ

3.1 БАНКРОТТЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ПАЙДА БОЛУ МҮМКІНДІГІН
ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АҒЫМДАРЫН ТАЛДАУ

3.2 БАНКРОТТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛЫП, КӘСІПОРЫННЫҢ ТӨЛЕМ
ҚАБИЛЕТІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШАРАЛАРЫ

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында соңғы жылдары еліміздің экономикалық нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты түбегейлі өзгерістер орын алуда.

Нарықтық экономикаға өту біздің қаржы саясаты үшін кәсіпорынның банкроттығы ұғымының пайда болуына әкелді. Тұрақсыз экономикалық даму, жоғарғы инфляция, салық саясатының тұрақсыздығы, саяси тұрақсыздық, кәсіпорын менеджерлері біліктілігінің жеткіліксіздігі жағдайында банкроттықтың мәні артуда.



Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. **Банкроттық** — кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі салдарынан өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы.

Әдетте, фирманың банкроттығы, көбінесе, олардың шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындайды. Мұндай жағдайда борышқор тек соттың шешімі бойынша ғана **банкрот** деп танылады. Борышқорды банкрот деп танудың негіздері, тәртібі мен рәсімі ҚР “Азаматтық кодексінің” “Банкроттық туралы” заңында (21.1.1997) көзделген.



Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептерін келтірейік:

1. Шаруашылық жүргізу жағдайын жасаудың объективті себептері:

- экономиканы реформалаудың нормативті және заң шығаратын базаларының, қаржылық, ақша, несие, салық жүйелерінің жетілмегендігі;
- инфляцияның аса жоғары деңгейі;
- фирманың құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;
- бәсекелестің жоғары деңгейі және соның нәтижесінде пайда болған сәйкес келмейтін өндіріс шығындары төмендемей, өнім бағасының төмендеуі.


2. Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

- банкроттықты уақытында болжап және келешекте одан сақтана алмау;
- жарнама, өтімділік жүйесінің болмауы, сұранысты дұрыс зерттемегендіктен сату көлемінің төмендеуі;
- өндіріс көлемінің төмендеуі;
- ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімдердің бағасының кейбір түрлердің бағаларының жақындауы;
- ақталмаған жоғары шығындар;
- өнімнің төменгі рентабельділігі;
- өндіріс циклінің өте көлемді болуы;
- үлкен қарыздар мен өзара төлей алмаулар;
- ескі басқарма басшыларының нарықты құруға бейімделе алмауы, сұра-нысы жоғары өнімдерді шығаруда іскерлік көрсетпеуі, инвестициялық, бағалық, қаржылық саясаттың тиімдісін таңдап алмауы;

Кәсіпорындардың жаппай банкроттыққа ұшырауы жағымсыз әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін, сондықтан нарықтық экономикасы дамыған елдерде, оларды толық күйреуден қорғау мен алдын алудың белгілі механизмі қалыптасқан. **Осы механизмнің негізгі элементтері мыналар:**



- ❑ банкроттықты құқықтық реттеу;
- ❑ кәсіпорынның банкроттығы жайында акті жүзеге асыруға шешім қабылдау процесіте нормативтік-әдістемелік, экономикалық, ұйымдық қамтамасыз етілуі;
- ❑ перспективалы тауар өндірушілерді қолдау мақсатында, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға мемлекеттік қаржылық көмек шаралары;
- ❑ қайта құру және жою шараларын қаржыландыру;
- ❑ банкроттық процедураға қатысушыларға экономикалық көмек көрсету;
- ❑ кең ауқымды қоғам үшін банкроттар жайында ақпараттардың жариялылығын қамтамасыз ету, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізімін жүргізу.



Қазақстан
Республикасының
«Банкроттық жайында»
Заңына сәйкес,
кәсіпорынның
банкроттығы туралы
шешімі келесі түрде
қабылданады.

Банкроттық, борышкердің
сотқа жазған өтініші
бойынша **ерікті түрде** немесе
оның өзінің банкроттығы
жайында соттан тыс түрде
кредиторлармен келісімге
келе отырып, ресми түрде
хабарлауы жолымен
жасалады.

Ал **еріксіз түрде**,
кредиторлардың
немесе «Банкроттық
жайында» Заңымен
өкілет берілген
тұлғалардың өтініші
негізінде жасалады.

Батыс елдерінің экономикалық дамуының негізі болып табылатын нарықтық экономика белгілі бір бақылау жүйесін, кәсіпорындарды мүмкіндіктеріне қарай толығымен ойсыраудан қорғау, банкротқа ұшыраған шаруашылық субъектілеріне көмектесу жүйесін жасап шығарады.

Банкрот жүйесін құру және оны нақтылы іске асырудың түпкі мақсаты — тауар өндіруші және қызмет көрсетуші құрылымдардың тиімді жұмыс істеулерінің жағдайында ел тұрғындарының нарықтық сұранымдарына сәйкес халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құру.

Бұл жүйенің негізгі мәні — өндіріс құрылымын нарық қалыптастырып отырған төлем сұранымын қанағаттандыруға бейімдеу қажеттілігі.

Аталған мақсатқа жетуде әлемдік экономиканың жетістіктері көрсеткендей, келесі принциптерді сақтағанда ғана қол жеткізеді :

- ❖ кәсіпорынның банкроттық жағдайында барлық шаруашылық субъектілері үшін өзара қарым-қатынастың коммерциялық жүйесін, құқықтары мен міндеттерін бірыңғай тұрақты және сенімді орналастыру;
- ❖ борышқорға өзінің қызметін жаңадан бастау міндеттерін орындап шығуына мүмкіндік беру;
- ❖ банкрот және экономикалық құлдырау кезінде қауіпсіздік шараларын ойластыру;
- ❖ бизнесті қайта түлетудің жүйесін жасап шығару;
- ❖ борышқор кәсіпорынға өзінің міндеттерін орындауда қаржылық реттеу тетігін ұсыну, оларды бизнесті тоқтатпай тұрып-ақ жақсарту;
- ❖ адал және сенімді әріптестердің (серік) жұмыстарын ынталандыру үшін коммерциялық және құқықтық жүйелер құру;
- ❖ қаржыға байланысты дауларды шешуде әдістемелік процедураны қалыптастыру;
- ❖ банкротқа ұшыраған кәсіпорынды тарату кезінде банкрот жүйесіне қатысушылардың барлығының (несие беруші, қызметкерлер) мүддесін сенімді қорғау;
- ❖ борышқордың активтерін әділетті түрде бөлуге жағдай жасау.

Қорытындылай келе кәсіпорындарды сақтап қалуға бағытталған аталған принциптері арқылы кәсіпорындар банкрот жүйесінің келесі жылдары тұрақтанып, борышқор кәсіпорын нарық талаптарына бейімделіп кетулері мүмкін.





**НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**